

Лекция №4.

**Болжау мен жоспарлау
мемлекеттік реттеудің
негізгі әдістері ретінде.**

- 1. Экономикалық болжаудың түрлері, қағидалары, әдістері.**
- 2. Жоспарлаудың мәні негізгі мақсаттары.**
- 3. Жоспарлаудың экономиканы басқарудағы орны.**
- 4. Жоспарлаудың түрлері, қағидалары.**
- 5. Экономикалық болжау мен жоспарлаудың ғылыми - методологиялық негіздері.**
- 6. Экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік салаларының дамуын стратегиялық және индикативтік жоспарлау, оның негізгі әдістері.**

1). Экономикалық болжау мен жоспарлаудың мәні және ғылыми – методологиялық негіздері.

Болжау мен жоспарлау экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі механизмі. Олардың экономиканы басқаруда алатын ролі, маңызы өте жоғары. 90-жылдардың басында «Экономиканы жоспарлаудың керегі жоқ, оның дамуын нарықтың өзі – ақ реттейді» деген ұшқырлау тұжырым жасалған. Одан 5-6 жыл өткеннен кейін халық шаруашылығы салаларының даму барысын стратегиялық жағынан да болжау - жоспарлау керек екендігін өмір айқындап берді.

Кез келген қоғам капиталистік болсын немесе социалистік болсын, өзінің болашақтағы даму перспективасын анықтап, болжаусыз өмір сүре алмайды. Экономикалық болжамдар негізінде қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді варианттарын, үкіметтің экономикалық техникалық саясаттарының негізгі бағыттарын анықтау үшін қажет.

Өндірісті басқару тек қана тиімді шешімдерді тандап, іске асыруы керек, өйткені тиянақтаусыз, қате қабылданған шешімдердің залалы, әсіресе қазіргі кезде өте үлкен.

Сондықтан, қоғамның даму үрдістерін болжау деңгейі неғұрлым жоғары болса экономиканы басқару ісі соғұрлым тиімді болады.

Болжам дегеніміз - белгілі бір объектінің болашақтағы жай-күйі, даму жолдары туралы ғылыми-дәлелді пікір. Болжамдарды зерттеп дайындау процесі болжау деп аталады. Болжау – қоғам өмірінің барлық саласында теория мен практиканы байланыстырып тұратын өте маңызды түйін болып саналады.

Ол екі мағынадан тұрады:

1. Болжап айту, яғни мәселенің (проблеманың) болашақтағы перспективасын, жай-күйін суреттеп, бейнелеп беру.

2. Болжап көрсету, ескерту, яғни мәселенің болашағы туралы барлық информацияны тиімді пайдалана отырып, оны шешу жолдарын көрсету, анықтау.

Қоғам дамуын болжаудың негізгі бағыты болып экономикалық болжау танылады. Экономикалық болжау объектісі – қоғамдық ұдайы өндіріс процесі, ал зерттеу заты – экономикалық объектілердің даму заңдылықтары, болашақ жай-күйі және экономикалық болжамдар жасау, әзірлеу әдістері. Экономикалық болжау дегеніміз экономикалық прогностиканың барлық әдіс – тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістемелеріне негізделген экономикалық болжамдар жасау процесі.

Зерттеу процесін жүргізу амалдарының қолданылуына және болашақ жәй-күйдің айқындалу деңгейіне байланысты болжау, болжап көрсетудің үш формасы бар. Олар гипотеза (жалпығылымдық болжау), болжам, жоспар. Гипотеза жалпы теория деңгейіндегі ғылыми болжауды бейнелейді. Болжам гипотезамен салыстырғанда, әлдеқайда нақты сипаттама береді, өйткені ол сапалық қана емес, сандық өлшемдерге негізделген. Дегенмен, болжау мен зерттеу объектісінің арасындағы байланыс қатан, бір мағыналы болмайды. Сондықтан болжам ықтималдық сипатта болады.

Экономикалық болжаулар төмендегі классификацияға сәйкес төрт топқа жіктеледі:

1. Болжау кеңістігіне (масштабына) байланысты: макроэкономикалық (халық шаруашылығының); құрылымдық (салааралық және аймақаралық); экономикалық кешендер (отын - энергетикалық, агроөнеркәсіптік, инвестициялық, т.б.); салалық және аймақтық болжамдар.
2. Болжау мерзіміне : байланысты оперативті (1 айға дейін); қысқа мерзімдік (1 айдан 1 жылға дейін); орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін); ұзақ мерзімдік (5 - 15 – 20 жылға дейін); алыс мерзімдік (20 жылдан арғы мерзімге) болжамдар.
3. Зерттеу объектісіне байланысты: өндірістік қатынастардың даму болжамы; ғылыми – техникалық прогрестің даму болжамы; халық шаруашылығы дамуының динамикасы; еңбек ресурстарының даму болжамы; табиғи ресурстарды пайдалану болжамы.
4. Функционалдық белгісі бойынша: барлау болжамдары; нормативтік болжамдар

Барлау болжамдары зерттеу объектісінде бұрын және қазіргі кезде қалыптасқан тенденциялар келешекте де өзгермейтіндігіне негізделген.

Нормативтік болжам алдын ала айқындалған мақсаттар негізінде жасалынады. Зерттеу объектісінің ықтимал хал-күйіне қанша мерзімде, қандай жолдармен жететіндігін анықтауға арналған.

Қазіргі кезде, ғалымдардың бағасы бойынша экономикалық болжам жасаудың 150-ге жуық әдісі бар. Іс жүзінде соның 15-20 шақтысы ең негізгі әдістер ретінде көп қолданылады.

Сыртқы белгісіне сәйкес болжау әдістерін екі топқа бөлуге болады: интуициялық әдістер (эксперттік баға әдістері) және математикалық әдістер.

Интуициялық әдістер (эксперттік баға әдістері) екі топқа бөлінеді: дербес эксперттік баға беру және коллективтік эксперттік баға беру әдістері. Бірінші топқа: интервью (сұхбат) жүргізу; логикалық анализ жасау; сценарий құру әдістері жатады. Екінші топқа: комиссия құру; коллективтік идеяны жинақтау («дөңгелек стол») және «Дельфи» әдісі кіреді.

Математикалық әдістер де екі топқа бөлінеді: экстрополяциялық әдістер және модельдер құру әдістері. Бірінші топқа ең кіші квадраттар; экспоненциалдық түзеу; тұрақсыз орташа көрсеткіштер әдістері енеді. Екінші топқа құрылымдық модельдер, матрицалық модельдер әдістері жатады.

Экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық жақтары, жоспар мен болжамның мақсаты мен талаптары, қоғамдық өндірістің салалары мен құрылымдарының дамуындағы сандық және сапалық өзгерістер бірімен-бірі тығыз байланысқан көрсеткіштер арқылы беріледі.

3). Жоспарлаудың экономиканы басқарудағы орны.

Жоспар – алдыға белгілі бір мақсат қойып, соған жетудің нақты жолдарын белгілеу. Жоспар көрсеткіші дегеніміз – басқару шешімінің нақтылы бір тапсырмасын санмен көрсету формасы. Жоспарлық көрсеткіштер өзінің сыртқы белгісіне және міндетіне байланысты бірнеше топқа бөленеді: сандық; натуралдық және құндық; абсолюттік және салыстырмалық; нормативтік (директивалық) және есептік көрсеткіштер.

Сандық көрсеткіштер – жоспардағы тапсырманың сандық белгісін көрсетеді. Олар көлемдік және сандық болып екіге бөлінеді. Көлемдік көрсеткіштер, мысалы, өндірілген өнімнің көлемін көрсетсе, тармақтық (сандық) көрсеткіштер мектептердің, кітапханалардың т.б. санын көрсетеді.

Сапалық көрсеткіштер - өндіріс тиімділігі, экономикалық құбылыстар мен процестердің сапалық белгілерін көрсетеді (еңбек өнімділігі, өзіндік құнның азаюы, материалдық ресурстардың шығын нормасы т.б.).

Натуралдық көрсеткіштер – ұдайы өндіріс процесінің физикалық өлшем бірліктерімен өлшенетін жақтарын көрсетеді. Мысалы, өндірілген өнім көлемі (салмағы, ұзындығы бойынша). Кейбір экономикалық құбылыстар шартты – натуралды бірліктермен өлшенуі мүмкін.

Құндық көрсеткіштер – экономикалық құбылыстарды натуралдық – заттық құрамынан басқа құндық өлшеммен көрсетеді. Олардың арқасында әр түрлі салалар өнімдерін, еңбек шығыны мен оның нәтижесін салыстыруға мүмкіндік туады. Құндық көрсеткіштердің көмегімен экономикадағы көптеген байланыстар мен пропорциялар анықталады.

Абсолюттік көрсеткіштер - өнім, еңбекақы, т.б. көлемдерін көрсетеді.

Салыстырмалық көрсеткіштер - салыстырмалы өлшемдермен белгіленеді (үлес салмағы т.б.)

Директивтік көрсеткіштер - жоспардағы негізгі тапсырманы, жоғарғы органның төменгі органдарға, кәсіпорындарға бекіткен тапсырманы көрсетеді. Олардың бір түрі болып нормативтік көрсеткіштер саналады., олар басқарудың барлық деңгейіне міндетті түрде орындалуы шар көрсеткіштер. Болжаудың негізгі мақсаты экономикалық дамудың балама бағыттарын және олардың әлеуметтік - экономикалық салдарын анықтау болғандықтан ол экономиканы жоспарлаудың алғашқы сатысы болып табылады.

Жоспарлау - экономиканың объективті заңдары мен заңдылықтарын зерттеп түсіне білу және оларды саналы түрде пайдалану арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарларын ғылыми негізде дайындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру процесі.

Жоспарлаудың негізгі мақсаты - экономикада баланстық үйлесім мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін белгілі бір пропорциялар мен пропорционалдыққа қол жеткізу.

Экономикалық пропорциялар дегеніміз - өндірістің әр түрлі элементтері (машиналар, құрал-саймандар, шикізат және материалдық қорлар, жұмыс күші) арасындағы, әр түрлі өндіріс салаларының өнім көлемдері арасындағы, түптеп келгенде өндіріс құрылымдары мен өндіру көлемдері және тұтыну құрылымдары мен тұтыну көлемдері арасындағы белгілі сандық қатынастар.

Экономикалық пропорциялар өздігінен (стихиялық) және адамның мақсатты түрде жүргізген әрекеттері нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Жоспарлаудың ғылыми негіздеріне объективті экономикалық заңдарды тану және саналы түрде қолдану, ұдайы өндіріс теориясы, жүйелілік, кешендік, жоспар жасау тәртібі,

реті мен логикасының бірлігі және жоспарлау қағидалары (принциптері) мен әдістері жатады.

Жоспар жасау логикасы – барлық деңгейде жалпы мемлекеттік жоспарларды әзірлеумен байланысты нақтылы әрекеттердің тәртіпке бағындырылған реті. Оның негізгі идеясы барлық жоспар жасау процесінің басталатынын және соған бағынатын негізгі пунктін анықтау.

Жоспар жасау логикасы жоспарлау қағидалары деп аталатын белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді. Олардың негізгілерінің қатарына төменгілерді жатқызуға болады.

1. Басқарудың ғылыми нақтылы және тиімді болу қағидасы.
2. Жоспарлаудың үздіксіз болуы.
3. Жалпы мемлекеттік және жеке мүдделерді үйлестіру қағидасы.
4. Жетекші салаларды белгілеу арқылы экономикада тиімді үйлесімдікті (сандық қатынастарды) қалыптастыру қағидасы.
5. Жалпы мемлекеттік жоспарлардың бірлігі мен кешенділігін қамтамасыз ету қағидасы.

Біз тек жоспарлаудың негізгі қағидаларына ғана тоқталып өттік. Жоспарлау методологиясына, сонымен қатар жоспар жасау әдістері де кіреді. Жоспарлау әдісі жоспардың бөлімін көрсеткіштерін анықтау үшін қолданылатын техникалық есептеулер мен амал-тәсілдердің жиынтығын білдіреді.

4). Экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік салаларының дамуын стратегиялық және индикативтік жоспарлау, оның негізгі әдістері.

Әлемдік тәжірибенің көрсеткеніндей, қазіргі кезде жалпы мемлекеттік макроэкономикалық жоспарлаудың бюджеттік, стратегиялық, индикативті, директивті формалары бар. Солардың ішінде Қазақстан үшін стратегиялық және индикативті жоспарлардың маңызы зор болып отыр.

Стратегиялық жоспарлау - ұйым алдындағы мақсатқа жетудегі басшылықтың қабылдаған кешенді, жан-жақты шешімдер жиынтығын береді.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз - мемлекеттің (саланың, бірлестіктің, кәсіпорынның және т.б.) әлеуметтік - экономикалық дамуының маңызды, негізгі бағыттары бойынша орта мерзімге және ұзақ болашаққа мақсаттар мен экономикалық көрсеткіштер мәндерін анықтау және оны жүзеге асыру механизмін қалыптастыру процесі.

Индикативтік жоспарлау деп ағымдағы нақты экономикалық жағдайды ескере отырып дамудың стратегиялық жоспарында белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру бойынша негізгі жұмыс құралын айтамыз.

Индикативтік жоспарлау дегеніміз - ол экономиканы мемлекеттік бағдарлаудың өте қажетті элементі. Бұл - басқарудың макродеңгейіндегі әдістерінің бірі. Аталмыш жоспар ҚР Үкіметінің іс-әрекеті мен мемлекеттік реттеу шараларының нәтижесінде қол жеткізуге болатын елдің әлеуметтік - экономикалық дамуының аса маңызды мақсатты көрсеткіштерінен (индикаторлардан) тұратын құжат. Әлеуметтік - экономикалық дамудың индикаторлары ретінде экономиканың дамуын, құрылымын және тиімділігін, ақша айналымын, тауарлар мен бағалы қағаздар нарығын, сыртқы экономикалық байланыстарды, жұмыспен қамтамасыз етуді, халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер пайдаланылады.